

Сонымен қатар, әңгімелерінің 5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау [1, 12-бет] деген мақсат берілген. Осы мақсат бойынша үш әңгімедегі автордың тіл шеберлігіне талдап, көркемдегіш құралдарды тапқызу да шығарманықайта қарап, мәнін түсінуге, оқушыны іздендіруге түрткі болады.

| Үзінді, мысал | Көркемдегіш құрал | Мағынасы |
|--|--|---|
| Әуелгісі: <u>әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне-бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді.</u> [2, 69-бет] | <u>әдемі ат, асыл киім, асқан дәулет</u> – эпитет <u>көңілге жел кіргізу</u> – ауыспалы мағыналысөз | Сән-салтанаты келіскен молшылықта өмір сүру Бір нәрсеге елігу, желігу, еліру |
| - Сен қарауға әп-әдемі кісі <u>секілді</u> көрінесің және жұмыс істеуге қуатың да <u>бардай</u> көрінеді... [2, 69-70-бет] | <u>Секілді</u> – теңеу <u>Бардай</u> – теңеу | Қолынан іс келетін дені сау, ойы бүтін бала |

Жалпы алғанда Ы.Алтынсарин шығармаларын оқыту арқылы балалардың оқуға деген ынта-ықыласын, шығармашылық қырларын, адами қасиеттерін дамытумен қатар, іскерлік қабілеттерін де арттыруға мүмкіндік мол.

Әдебиеттер тізімі

1. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
2. С.Ч. Тұрсынғалиева, Р.Зайкенова «Арман -ПВ» баспасы, 2017 ж.
3. Қ. Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы» / Алматы «Мектеп»-2003 ж.

ӘОЖ 37.01

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ПАТРИОТ-ПЕДАГОГ

Жақып Қ. Х. – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің профессоры, философия ғылымдарының кандидаты,

Мақалада ұлы ұстаз алғашқылардың бірі болып, қазақ халқын мақтан етіп, оң баға береді. Ыбырай Алтынсарин бірінші кезекте халқың сүйп, жаңы ашып қолдан келген бар мүмкіндікті пайдаланып, ал мүмкіндік жоқ жерде, амалын тауып оқушыларға көмектесудің ұтымды жолдарын табады, жастарға үміт артады. Ыбырай Алтынсарин нағыз патриот. Елімізде ұлы ұстаз алғашқы болып, педагогика ғылымының негізін қалайды. Оқушыларды адамгершілік тұрғыда тәрбиелейтін 60-тан астам әңгімелер жиі қайталаған. Мақала сонында автор үш ұсыныс жасайды.

Түйінді сөздер: *Ұстаз, отансүйгіштік, патриот, педагог, тәрбие, адамгершілік.*

Ы. Алтынсарин ұлт мүддесі мен ұлт мұраты үшін бар өмірін сарп еткен ағартушы. Оны біздер Ұстаздың шығармашылық еңбектерінен, жазған хаттарынан, ағартушылық істерінен айқын көреміз.

Ы.Алтынсарин алғашқы хаттарының бірінде 1862 жылы 26 қаңтардағы Орынбор бекінісінен Н.И. Ильминскийге жазған хатында: «...Құдай маған көмек етсе және дәрменім жетсе, мен азды-көпті қазақ халқына ғана пайдалы бола аламын»[1] – деп өмірлік кредосын айтады. Сонда Ы.Алтынсариннің 20 жастан асар-аспас кезі. Осы хаттың ортасында Ұлы ұстаз:«...» қазақ даласын үш жылдай аралаған Н.И. Ильминскийдің «...Қазақ халқы ұғымтал, ақылды, дарынды...» [2] – деп айқанына қосылып мақтанышпен жазады.

Сөйтіп Ы.Алтынсарин қазақ халқын мақтан етеді, талапты ұлт деп біледі, мол үміт артып келешегіне сенеді. Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясына» жазған сөз басында халқымызға төмендегідей сипаттама береді.

«--- қазақ халқы азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды, оның ой-пікірі еркін...әлі азғындық жолға түспеген, пайдалы нәрсенің бәріне құмар» – дей келе «...халқымызға шамамыз келгенше қызмет ету әрқайсымыздың да борышымыз» – деуі халқына деген сүйіспеншілігі халқының болашағына сену, сол үшін аянбай еңбек етуге ант беруін көреміз. Ол өзінің ар алдында берген анттың айныған емес.

Ұлы Ұстаз, ұлтының мүддесі үшін саяси салаға да салмақ сала білген ұлт жанды азамат екенін келесі хатта көреміз.

Ол 1880 жылы 4 сәуірінде Торғай қаласынан В.Катаринскиге арнаған хатында газетке жазған өз мақаласы жайында былай дейді: «Қазақ еліне орыс селендерін әкеліп орнатпақ болған пікірлерге қарсы екенімді білдірдім. Сондықтан қолайсыздау істеп отырғанымды біле тұсам да, өзімнің оған қарсы екенімді білдіруге бел байладым» [3] – деуіелінің қорғаны, халқының қалқаны болып сол кездегі үкіметтің отарлау саясатына батыл қарсылық көрсетеді. Немесе 1889 жыл 20 ақпандағы Орск қаласынан Катаринскиге жазған хатында: «Біздің Бессонов Александр Гриорьевич 3-ші және 4-ші кластардағы оқушылардың қарсы болуына қармастан бір ай бойы інжіл мен оның парыздарын уағыздайбастапты. Міне мұндай епсіз, жарым есті басшылық салдарынан (жақсы істер ж.к.х)) жойылып кетуі мүмкін. Қатты айтып отырғаным кешірім етіңіз, қайтейін ішім күйеді»[4] – деп айтуы өзінің оқу саласындағы саясаттың қасақана, өрескел жолмен жүргізіліп отырған епсіз, жарым есті әрекеттеріне өзінің түбегейлі қарсы екенін ашықта, тіке айтуы Ұстаздың батырлығын, мінезділігін айқындайды.

Немесе Ы.Алтынсарин 1884 жылдың 14 қыркүйегіндегі Орынбор қаласынан Н.Ильминскиге жазған та бір хатында «Құдай басыма не салса да, мен күшімнің жеткенінше туған еліме адал адам болайын деген ойымнан, талбымнан еш уақытта да қайтпаймын мүмкіндігі болған жерде қазақ халқының елдігін бұзып, болашағын бүлдіріп жатқан жауыздыққа қарсы күресе беру керек» [5] дейді. Міне елге жанашу деген осы болар. Осы жылдың 30-шы қыркүйегіндегі Орынбордан жазған хатында: «Қазақ тілінде біржалпы білім беретін кітап құрасырып, туған еліме тағы бір қызмет көрсеткелі отырмын» деп зорқуанышпен айтады. Қайратты, қайсар, елшіл, ұлты үшін жанкештілікпен, өмірінің сонына дейін күресуді мақсат еткен Ы.Алтынсариннің өңегелі істері біздерге үлгі болмақ. Бұл бүгінгі Рухани жаңғыруымыздағы «Туған жер» бағдарламасымен үндесіп жатқан жоқпа?!

Ұлы ұстаз 1889 жылдың 6 наурыздағы В.Катаринскиге жазған хатында «Жақында Орскіге Карл Андреевич (мектеп инспекторы) болып кеткен екен, қазақ оқушыларына тым қатты қарамаса еді деп қорқып отырмын. Олардың бәрі де өте дұрыс бағыттағы оқушылар іштерінде өте дарынды, өте зейінділірі де аз емес. Оларды құдай үшін, қорғай көріңіз» [6] деуі қазақтың келешегі, үмітеткен жастарға деген қамқорлығы қандайдесеңізші! Енді бірдеңе қосудың өзі артық.

Ы.Алтынсарин педагогикасының өзегі адамгершілік, имандылық, иман жүзділік. Оны біз Ы.Алтынсаринның 1864 жылғы 16-шы наурызда Орынбор бекінісінен Н. Ильминскиге жазған хатында көреміз. Онда Ұстаз оқушылар кейін «... парақор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге де бар күшімді салып отырмын» – деп хатын жалғастырып «Менің үнемі ұмтылған тілегім қалайда пайдалы адам болып шығу еді. Ал осыған қолым жетіп отырғанын ойласам, көңілім толық жұбанышта табады» [7] – дейді. Ұлы Ұстаз ұлтына қызмет істеуге қолы жетіп, мүмкіншілік туғанына өте қуанышта болғанын байқаймыз. Міне осы адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу арқылы оқушылар бойынан көргісі келеді. Қарап отырсақ Ы.Алтынсаринның балаларға арналған 60-астам әңгімелері бар екен. [8] Солардың кейбір тек аттарын атайықшы, масалы: «Әдеп», «Қанағат», «Әділдік», «Зеректік», «Жомарт», «Мейрімді бала», «Жамандыққа – жақсылық». Міне Ұстаз оқушыларының бойынан осындай қасиетті құндылықтарды көргісі келеді. Немесе келесі әңгімелер атауы: «Талпыну пайдасы», «Малды пайдаға жарату», «Білгеннің пайдасы». Бұл әңгімелердің атаулары нені білдіріп тұр? Тиімділікті, ұтымдылықты, нарықтық қатынастағы бәсекелестікті көрсетіп тұр. Біздер бүгін пайда табу, бәсекелестік заманында өмір сүрудеміз. Жеке адам болып қана қоймай, тұтас ұлт болып, ел болып бәсекеге түсудеміз. Сондағана ұтамыз, мемлекет болып алға жылжимыз. Тағы да Ұстаз әңгімелерінің топтамасын көресетейік: «Жаман жолдас», «Ақымақ дос», «Тәкаппарлық», «Үш ұры», «Дүниеде жамандық неден?» Міне оқушылар қандай үлгіні бойларына өнеге қылып дарыту керек, қандайынан аулақ болулары қажет екендігі көрсетілген. Ал Ы.Алтынсариннің осы талаптары, ойлары ескірді деп айта аламыз ба? Әрине жоқ! Бәрі бүгінде ауадай қажет.

Ы.Алтынсарин өз заманына сай оқу үрдісін бір жүйеге қалыптастырды. Ел тарихында болмаған алғашқы оқулықтарды, оқу құралдары, әдістемеліктерді жазып оқыту бағдарламасын, сабақ беру жоспарларын жасады. Ең алғашқы арнайы мектептерді салды. Оған дейін уақытша үй жалдап оқытатын еді. Ы.Алтынсарин арнайы салған мектептерде жеке сыныптар бөлмесі, асхана, кітапхана, аурухана, зертханалар, шеберханалары болды. Ол мектептерде химия, физика, астрономия пәндері оқытылды. Сүйтіп сол заманның өзінде жартылай болса да зайырлы мемлекетке сай оқыту жүйесін қалыптастырды. Дің сабағынан да қол үзген емес. Ғасырлар бойы көзіміз үйренген сынып бөлмелері, ондағы тақта, бор, көрнекілер, карталар, глобус, сынып журналы, табель, аттестат, марапаттау қағаздары, қоңырау, сынып тазалығын сақтау, оқушылардың өз бастарының тазалығы (гигиена) талаптарын алғашқы еңгізгенде Ы. Алтынсарин болатын. Педагогика пәнінде «ыңта» деген сөз бар, оны Мотивация деп жатамыз, оның түрлері де көп. Ал Ы.Алтынсаринның өмірі мен шығармашылықтарына терең үңіліп санаға сіңірсек меніңше бірғана ыңта-мотивация бар. Ол тұған еліне пайдалы болу, патриоты болу, халқын сүйу, Міне Мотивация! Біздер осындай ыңтаны, қасиеттерді жастар бойына сіңіре білсек Ы.Алтынсарин өсиетін орындаған болар едік.

Ы.Алтынсарин 40 жастың ішінде өмірден озса да, кем дегенде бір өзі 40 адамның халқына деген қызметін арқалап, іс жүзінде абыроймен атқарып кеткен ұлы тұлға. Ы.Алтынсарин отансүйгіш-

тіктің, ұлтын қалай қадірлейтіндігін сөз жүзінде де, әсіресе іс жүзінде де өмір бойы өнегелі үлгісін көрсетіп кеткен нағыз патриот, сондықтан Ұла Ұстаз халқымен бірге жасай бермек.

Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толу қарсаңында Қостанайға Нұр-Сұлтан қаласынан арнайы ғалымдар, зиялы қауым өкілдері, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Президенті Ғайни Бисембаев бастаған бір топ еңбек сіңірген қоғам қайраткерлері ағартушының туған жеріне тағзым етуге келді. Жоспарланған дөңгелек үстел «Ұлы педагог Ы. Алтынсариннің мұрасы мен оның қазақстандық білім берудегі рөлі» деген тақырыпта пікірлер өрбіді. Сол жиында айтылған кейбір ұсыныстарымды оқырмандарға жеткізуді жөн көрдім.

Біріншіден. 2021 жылының 1- қыркүйегінен бастап бір уақытта еліміздегі барлық (меңшігіне және оқыту тілдеріне қарамастан) мектеп табалдырығын алғаш аттағандардың басты сабағы «Кел балалар, оқылық!» атты сынып сағатында Ы. Алтынсариннің өмірбаяны мен шығармашылығы жайында айтылуы керек. Және бұл іс-шара жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп тұрсын.

Екіншіден. Еліміздегі барлық мектептеріндегі бесінші-жетінші сынып оқушыларын Ы. Алтынсариннің өмірі мен еңбегі жайлы – диктант, сегіз-тоғызыншы оқитындарға мазмұндама. Он – он бірінші сыныптағыларға-шығарма жаздырса Ұлы ұстазға тағзым деген осы емеспе?

Үшіншіден. Бұл дүниеде барлық нәрсенің өлшемі адам екені белгілі. Сол себептен Ұлы ғұламалардың бірінші кезекте адамның тұлға болып қалыптасуына көп мән бергендері белгілі. Кешегі Ұлы Хакім Абайда «Адам бол!» қағидасын алға тартқан. Сондықтан әлем танып мойындаған қара сөздерін үңіліп оқуда. Ал адамды адам қылатын, адамнан тұлға қалыптастыратын ол – тәрбие. Соңғы 30 жылдың ішінде біз Қазақстанның Тәуелсіз жаңа дәуірінде өмір сүріп келеміз. Қоғам өзгеруде, адам өзгеруде енді сол қоғам сұранысына сай алғашқы тәрбиешілер съезін өткізіп, мемлекеттік бағдарлама жасап тұжырымдама қабылдаса дұрыс болар еді.

Әдебиеттер тізімі

1. **Ы. Алтынсарин** – Таза бұлақ. Өлендер. Әңгімелер. Хаттар. Алматы «Жазушы» 1988. 193 б.
2. **Ы. Алтынсарин** – Таза бұлақ. Өлендер. Әңгімелер. Хаттар. Алматы «Жазушы» 1988. 192 б.
3. **Ы. Алтынсарин** – Таза бұлақ. Өлендер. Әңгімелер. Хаттар. Алматы «Жазушы» 1988. 193 б.
4. **Ы. Алтынсарин** – Таза бұлақ. Өлендер. Әңгімелер. Хаттар. Алматы «Жазушы» 1988. 307 б.
5. **Ы. Алтынсарин** – Таза бұлақ. Өлендер. Әңгімелер. Хаттар. Алматы «Жазушы» 1988. 271 б.
6. **Ы. Алтынсарин** – Таза бұлақ. Өлендер. Әңгімелер. Хаттар. Алматы «Жазушы» 1988. 311 б.
7. **Ы. Алтынсарин** – Таза бұлақ. Өлендер. Әңгімелер. Хаттар. Алматы «Жазушы» 1988. 198 б.
8. **Ы. Алтынсарин** – Таза бұлақ. Өлендер. Әңгімелер. Хаттар. Алматы «Жазушы» 1988. 315 – 316 б.

ӨОЖ 37.01

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БІЛІМ АЛУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Жумабаева С. А. – қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, «Қостанай ауданы білім бөлімінің Жамбыл жалпы білім беретін мектебі» КММ.

Сақұпжанова Ж. Ж. – қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, «Қостанай ауданы білім бөлімінің Жамбыл жалпы білім беретін мектебі» КММ.

Мақалада қоғам дамуымен үнемі өзгеріп отыратын үздіксіз білім беру мәселелерінің Ыбырай Алтынсарин дәуірінің құндылықтарымен сабақтастығы көрсетілген. Мақала қазақтың көрнекті педагогы және ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына арналған. Мұнда Алтынсариннің өмірі мен қызметі туралы өмірбаяндық мәліметтер келтіріледі. Бұл мақалада мектептегі оқу-тәрбие жұмысы процесінде «Ұлы адамдардың өмірінен» бағдарламасын жүзеге асырудың мысалдары келтірілген.

Түйін сөздер: Ыбырай Алтынсарин, білім, үздіксіз білім беру, Ыбырай Алтынсариннің еңбектері, құндылығы, білім мазмұны, білім мазмұнын жаңарту, мұғалімнің кәсіби қызметі, оқулықтарды зерттеу.

Жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастарды қалыптастыру жағдайында қазақстандық қоғамды демократияландыру кезеңінде өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуді жетілдіру проблемасы басым мәселелердің бірі болып қала береді. Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарында: «Кәсіптік білім берудің барлық деңгейлерінде: бастауыш, орта, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру басты басымдық болып жарияланады. Бұл жалпы орта білімнің маңыздылығын төмендетпейді, керісінше, білім берудегі басты басымдықты қамтамасыз ету үшін осы білім деңгейінің маңыздылығы артады. Білім беру жүйесінде басты стратегиялық міндет халықтың барлық деңгейлер